



Ерімбетова А.Х.

**ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ  
ДЫБЫС СӘЙКЕСТІКТЕРІНІҢ  
ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ**

*В данной статье рассматриваются  
некоторые вопросы соответствия  
звуков в тюркских языках.*

*Some questions of conformity of sound in  
Turk languages are considered in this  
article.*

Қай халықтың болса да тілі сол халықтың тарихымен тығыз байланысты екендігі белгілі. Дегенмен тілдің ішкі даму заңдылықтарын құрайтын фонетикалық заңдылықтарды тек тарихпен ғана байланыстырып шеше алмаймыз. Бүгінде ұлт болып қалыптасқан кез келген халықтың тарихы өзіндік құбылыстар мен кезеңдерден тұрса, тілдерінің де даму тарихында өзіндік заңдылықтары бар. Өзге халық тілдері сияқты түркі халықтары тілдері де ұзақ әрі күрделі тарихи даму жолынан өтті. Түркі халқының әр түрлі этностарға ыдырауы сияқты тарихи фактор олардың ғасырлар бойы үздіксіз дамып келе жатқан негізгі тілдеріне де әсер етіп, нәтижесінде түрлі фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырап, жекелеген этностар тілдеріне ыдырады. Жекелеп ыдыраған әрбір түркі тілі өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі заңдылықтарымен, өзіне ғана тән сипат-болмыспен қалыптаса бастады. Сондықтан да бұл тілдер қаншалықты өзгерістерге ұшыраса да, көне тілдің элементтерін, қалыптасуына негіз болған тілдің қасиетін бойында сақтайды. Тілдің дамуындағы осы бір тарихи кезең туралы белгілі ғалым А.М.Щербак былай дейді: «Расхождение языков и диалектов постоянно сопутствует их схождение, взаимодействие, поэтому каждый современный язык или диалект наследует праязыковое состояние не как нечто целостное и единообразное, а в виде сложного конгломерата форм и признаков, прошедших сквозь призму многократных и разновременных смещений» [1.22].

Негіз тілдің жекелеген түркі тілдеріне жіктелуі дыбыстар жүйесінде де өзгерістерді туғызады. Көне тілдің мұрагерлік қасиетінің бір белгісі дыбыстар сәйкестігі арқылы көрінеді. Кез келген түркі тілінде кездесетін дыбыстар сәйкестігі сәйкес варианттардың қайсысы бұрын, қайсысы кейін пайда болуын анықтауға көмектеседі. Дыбыстар сәйкестігінің тілдің құрамын өзгертуге себепкер болатынын, жеке сөздерді тек тұлғалық жағынан ғана өзгертіп қоймай, бір түбірден тараған гомогенді параллельдердің семантикалық астарының жіктелуіне де ықпал ететінін академик Ә.Қайдаров салыстырмалы-тарихи фонетиканың әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқан мәселелерінің бірі болып табылатынын ерекше атап көрсетеді [2.84-85].

Қазіргі түркі тілдерінің лексикалық құрамында, грамматикалық құрылысында өздеріне тән түркілік тектестік, ұқсастық болғанымен, фонетикалық жағынан салыстырғанда, елеулі ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтар бары



сөзсіз. Сондықтан белгілі бір тілдік ерекшеліктері арқылы олар бір-бірінен ажыратылады. Сан ғасырлық тарихы бар бұл тілдердің әрқайсысының бойында әр түрлі сипат болуы заңды. Себебі олардың арғы тегі бір болғанмен, әрқайсысының өзіндік мекені, қалыптасу, даму жолы, тұрмыс-тіршілік, ғылым-білім, мәдениеті салт-дәстүрі бар. Яғни олардың әрқайсысы – жеке ұлт ретінде өзіндік тіл иелері болып табылады. Сондықтан бұлардың тілінің өзіндік ерекшелігі болмауы мүмкін емес.

Дыбыс сәйкестіктерінің барлық халықтар тілінде орын алуы, әсіресе әрбір этностың негізгі сөздік қорының дамуына тікелей әсер етіп, сөзжасам факторларымен астарлас болуы, оларды тіл онтологиясымен, яғни адамзат тілінің пайда болуымен байланыстыруға жетелейді. Жаңа ұғымның пайда болуы дүниетанымдық шеңбердің кеңеюіне қатысты құбылыс болғандықтан танымдық процестер де сырт қалмайды. Тілдің таңбалық қасиетімен тікелей байланысты жазу таңбаларының пайда болғаны туралы зерттеуші О.Сүлейменов семасиографиялық кезеңде сөздердің бастапқы мағыналары оның табиғатына да ықпал етіп, бір түбірден тараған сөздердің тұлғалық өзгерістерімен қатар мағыналық дамуына да себепкер болатын дыбыстардың жаңа сапаға ие болуы олардың сәйкестіктерінің қалыптасуына да әсер етуі мүмкін деген пікір айтады [3.76].

«Жеке дыбыстардың өзгеруін сипаттаумен, олардың спирантизациялану, делабиализациялану процестерін, ротацизм мен ламдаизм құбылыстарын қарастырумен шектелген XIX ғасыр тарихи фонетикасы» [4.359] дыбыс жүйесіндегі кешенді өзгерістердің негізгі факторларын, дыбыс өзгерістерінің сөз мағынасына әсерін, тектес дыбыстардың дифференциациялануы мен түбірлес сөздердің семантикалық деривациясының байланысы т.б. тәрізді тілдік құбылыстардың табиғатын ашып бере алмады. Лингвист-ғалымдар тілдегі дыбыстарды дербес тілдік бірлік ретінде қарастыруға мүдделі болды. Түркі тілдеріндегі дауыстылар үндестігіне ерекше көңіл бөлген В.В.Радлов, дыбыс өзгерістерінің тілдің тарихи дамуындағы маңызына да тоқталғаны белгілі. Ғалым «Кроме строго соблюдения закона гармонии гласных..., происходят ... еще и другие фонетические изменения в ауслауте корней и ауслауте аффиксов, которые могут быть истолкованы как средство связи между «предметом – содержанием» и «предметом – формой», в силу чего образуется своего рода гипераглютинация ..., ... ощущение членимости утрачивается, и в результате сплавления корня с аффиксом возникает нечленимое новообразование» (W.Radloff. Einleitende Gedanken, zur Darstellung' der Morphologie der Türk Sprachen, 1906) [5.13] деген ойлары арқылы лексема құрамындағы дыбыс өзгерістерінің сөз тұлғасымен қатар сөз мағынасына да ықпал ететінін көрсетеді. Тіл дамуын, әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуын қамтамасыз ететін басты механизмдердің бірі – дыбыс өзгерістері өте баяу әрі үзіліссіз жүріп отыратын, әр тілде түрліше жүзеге асатын процесс екені белгілі. Тілдегі дыбыстық өзгерістердің негізгі факторларының бірі барлық тілдерге тән универсалды құбылыс фонологизация процесі. «Фонемалардың дифференциациялануы негізінде, олардың аллофондары, тілдің дамуына сәйкес мағына айқындау қасиетіне ие болады» [4.367].

Әр тілдің дара болмысымен қалыптасуына, ішкі жүйеліліктің ретке келуіне интралингвистикалық, экстралингвистикалық, физио-биологиялық, психо-физиологиялық ықпалдар қатар қызмет атқарады және бұл ықпалдардың әсері тілдік бірліктердің барлық деңгейінде көрініс беруі мүмкін, бірақ фонетика-фонемалық деңгейдегі өзгерістер өзінен кейінгі морфемалық, лексемалық деңгейлердегі өзгерістердің негізін қалайтын басты тетік болып табылады. Бұл жөнінде Э.Р.Тенишев «Каждый язык регулируется двумя факторами: физическим фактором (воспроизведением звуков); психическим фактором (применение звуков для передачи мысли)» [6.38] деп тілді ретке келтіруші факторды фонетикалық және фонемалық деңгейде қарастырады. XIX ғасырдың соңында фонема ұғымы дыбыстың психологиялық эквиваленті ретінде таныса, комбинаторлық өзгерістердегі дыбыс алмасуы дивергенция, алмасушы дыбыстар дивергенттер деп аталды. Ал физикалық себептермен, комбинаторлық шарттармен түсіндіруге келмейтін дыбыс алмасулары корреляция, алмасушы дыбыстар коррелятив ұғымдарымен аталғаны белгілі. Альтернатива құбылысының бұл түрлері қазіргі таңда дыбыс алмасуы және дыбыс сәйкестігі деп принципті түрде ажыратылады [2. 84-85]. «Изменение звуков, которые происходит в речи и оказывают столь глубокое влияние на судьбы самого языка» [7. 21] деп Ф.де Соссюр көрсеткендей, кез келген тілдің тек фонологиялық жүйесін ғана емес морфологиялық құрылымын, лексикалық құрамын, семантикалық дамуын зерттеуде де тарихи дыбыс сәйкестіктерінің фоно-морфо-семантикалық табиғатын негізге алу басты, функционалдық-сапалық деңгейі бірдей, өзара ықпалдаса, байланыса отырып сөз тұлғасына, сөз мағынасына әсер етеді. Толық мәнді лексема жасауда дауыстылар мен дауыссыздарды бөліп қарап, біреуіне ғана басымдық беру тілдің онтогенездік табиғатына қайшы. Алғашқы әліпбилер консонанттық жүйеге негізделгендіктен



дауыссыздарға ерекше мән беруді ұсынушы пікірлер қалыптасса керек. Алайда шынайы тіл табиғаты консонанттар мен вокализмдер жүйесін тең дәрежеде қарастырғанда ғана ашылары анық. Сондықтан түркі тілдеріндегі моносиллабтардың тұлғалық, мағыналық даму бағытын айқындауда дауыстылардың да, дауыссыздардың да сәйкестігінің маңызы ерекше.

Қазіргі тілдік жүйеміздің негізі болып табылатын дыбыс талай кезеңдерді басынан өткізіп, дами отырып бізге жеткен. Дыбысқа қатысты жүзеге асатын әрбір өзгерістер, құбылыстар заңдылыққа айнала отырып, қазіргі түркі тілдерін дамытты. Тіліміздің фонологиялық жүйесі ұзақ уақыт бойында дами отырып қалыптасқандықтан дыбыстарға байланысты өзгерістер де сан алуан дамуды басынан кешірді. Сондықтан олардың негізгі себебін анықтау қиынға соғады. Дыбыстар сәйкестігінің бір буынды сөздерден бастап көп буынды сөздерде де, афикстер құрамында да кездесуі оның көнеден келе жатқан заңдылық екендігін дәлелдейді.

### Әдебиеттер

1. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. - Л., Наука, 1970, -240с
2. Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – А.: Наука, 1986. -328 с.
3. Сулейменов О. Язык письма. - Алматы-Рим-Астана, 1999
4. Базарбаева З. Әлемдік тіл біліміндегі фонема теориясының дамуы // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. -Түркістан: Тұраң, 2004. -359-367 бб.
5. Кононов А.Н. В.В. Радлов и отечественная тюркология // Тюркологический сборник. 1971. –М.: Наука, 1972. -С. 7-15.
6. Тенишев Э.Р. В.В. Радлов - фонетист и грамматист // Тюркологический сборник. 1971. -М.: Наука, 1972. –С. 36-40.
7. Ф.де Соссюр. Курс общей лингвистики // Введение в языковедение. Хрестоматия. -М.: Аспект Пресс, 2000. -С. 5-54.